

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

«БЕКТЕМІН»
Турсынбекова Г.С. директорының қолы
Бейсенбаев И.И. кафедра меңгерушісінің қолы
«3» желтоқсан 2019 ж.

СИЛЛАБУС
РНУ00111 «Физика І»
(пәннің аталуы)

Барлық мамандықтар үшін

3 кредит

Семестр: көктемгі, 2019 - 2020 оқу жылы

Алматы, 2019



SATBAYEV
UNIVERSITY

«БЕКІТЕМІН»

Турысбекова Г.С. _____
институт директорының қолы

Бейсенов Р.Е. _____
кафедра меңгерушісінің қолы
«3» желтоқсан 2019 ж.

СИЛЛАБУС
РНУ00111 «Физика І»
(пәннің аталуы)

Барлық мамандықтар үшін

3 кредит

Семестр: көктемгі, 2019 - 2020 оқу жылы

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ
Сәтбаев Университеті
Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты
«Инженерлік физика» кафедрасы

1. Оқытушылар туралы мәлімет:

Лектор

Қалауов Бақытжан Полатұлы
Офись сағаты: Дүйсенбі: 7.50-8.40; 1035В ГУК
Сәрсенбі: 7.50-8.40; 1035В ГУК
WhatsApp: +7 707 5707158
Email: kalauov_b@mail.ru

Қалауов Бақытжан Полатұлы
(практикалық сабақ)
Офись сағаты:
Дүйсенбі: 7.50-8.40; 1035В ГУК
Сәрсенбі: 7.50-8.40; 1035В ГУК
WhatsApp: +7 707 5707158
Email: kalauov_b@mail.ru

Турлыбекова Г.К
(зертханалық сабақ)
Офись сағаты:
Сәрсенбі: 16.30-17.20; 1035В ГУК
Бейсенбі: 15.25-16.15; 1035В ГУК
WhatsApp: +7 777 183 9180
Email: gulzhan1980@mail.ru

2. Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің қазіргі уақытқа сай физикалық және әлемдік ғылыми көзқарастарын қалыптастыру. Қазіргі уақыт физикасын және классикалық физика теориясының түбегейлі заңдарын пайдалануда студенттердің білімін және біліктілігін қалыптастыру, сонымен қатар физикалық зерттеулер жүргізуге машықтылығын болашақ кәсіптік деңгейде пайдалануға қалыптастыру.

3. Пәннің қысқаша сипаттамасы.

«Физика 1» пәні инженерлік - техникалық бағыттағы бакалаврлерді жалпы теориялық дайындаудың негізін құраушылардың бірі ретінде жалпы физика курсы туралы біртұтас түсінік қалыптастырады. «Физика 1» курсының мазмұны дәрісте, тәжірибелік және зертханалық сабақтарда ұсынылған материалдармен анықталады.

«Физика 1» пәнін оқытудың негізгі мақсаты:

- әлемнің заманауи физикалық бейнесі және ғылыми дүниеге көзқарасын қалыптастыру;
- классикалық және заманауи физиканың теориясын, іргелі заңдар білімін қолдана білу, сонымен қатар физикалық зерттеу әдістерін кәсіптік қызмет жүйесінің негізгі ретінде қолдана білуге үйрету

4. Пререквизиттер: Химия курсы; жоғары математика.

5. Постреквизиттер: Арнайы пәндер

6. Әдебиеттер тізімі

Базалық әдебиеттер	Қосымша әдебиеттер
[1] Трофимова Т.И. Курс физики: Учеб. пособие для вузов. М.: Академия, 2004.- 560с.	[7] Сулеева Л.Б. Электронный учебник. Физика, часть 1” Механика. Молекулярная физика и термодинамика” Изд. КазНТУ, 2006.
[2] Қойшыбаев Н.Қ. Жалпы физика курсы: Оқулық. –Алматы: Зият Пресс, 2005. 3-4 томдар.	[8] Трофимова Т.И. Физика: 500 основных законов и формул: Справочник для студентов вузов. Изд. 3– е – 63 с. М: Высшая Школа, 1999.
[3] Савельев И.В. Курс общей физики: Учеб. пособие для втузов: В 5 кн.: Кн.1: Механика. Молекулярная физика. М.: Астрель, 2005. – 312 с.	[9] Волькенштейн В.С. Сборник задач по общему курсу физики для студентов технических вузов Изд. доп., перераб. - 327 с. {Специалист} СПб: СпецЛит, 2002.

[4] Грабовский Р.И. Курс физики: Учебник для вузов. Изд. 6-е - 608 с. {Учебники для вузов: Специальная литература}, СПб: Лань, 2002.	[10] Чертов А., Воробьев А. Задачник по физике. – М.: Высшая школа, 1981.
[5] Детлаф А.А., Яворский Б.М. Курс физики: Учебное пособие для втузов. Изд. 6-е, испр. - 607 с. М: Высшая Школа, 2003.	
[6] Савельев И.В. Курс общей физики: Учеб. пособие для втузов: В 5 кн.: Кн. 2: Электричество и магнетизм. М.: АСТ: Астрель, 2005. – 336 с.	

7. Календарлы-тематикалық жоспар:

Апта	Дәріс тақырыбы	Практикалық сабақтың тақырыбы	Зертханалық сабақтың тақырыбы	Әдебиетке сілтеме	Тапсырма	Тапсыру уақыты
1	Кинематика. Траектория, жол ұзындығы, орын ауыстыру векторы. Жылдамдық. Үдеу және оның құраушылары. Қатты дененің ілгерілемелі қозғалысы. Айналмалы қозғалыс кинематикасы.	Ілгерілемелі және айналмалы қозғалыс кинематикасы.	№1. Зерт. жұм. Физикалық шамаларды өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу.	[1] бөлім 1 [2] бөлім 1, тарау 1.1	№1 ЗЖ	
2	Ілгерілемелі қозғалыс динамикасы. Күш. Масса. Ньютон заңдары. Импульстің сақталу заңы. Энергия, жұмыс, қуат. Механикалық энергияның сақталу заңы.	Ньютон заңдары. Импульстің және энергияның сақталу заңдары.	№1. Зерт. жұм. тапсыру.	[1] бөлім 2,3 [2] бөлім 1, тарау 1.2	СӨЖ-1	№1 ЗЖ 2 аптада тапсыру
3	Қатты дененің айналмалы қозғалыс динамикасы. Күш моменті. Инерция моменті, Штейнер теоремасы. Жұмыс, Энергия. Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі. Импульс моменті және оның сақталу заңы.	Ілгерілемелі қозғалыс кинематикасы мен динамикасына №1 БЖ	.№42 Зерт. жұм. Атвуда машинасы	[1] бөлім 4 [2] бөлім 1, тарау 1.4	№42 ЗЖ БЖ -1 5 есептен аз емес	
4	Арнайы	Айналмалы	.№42 Зерт.	[1] бөлім 7	СӨЖ-2	№42

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

	салыстырмалылық теориясының элементтері. ның Арнайы салыстырмалылық теориясының элементтері. Импульс, энергия. Лоренц түрлендірулері.	қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі. Импульс моментінің сақталу заңы	жұм. тапсыру	[2]бөлім1 , тарау 1.7	№Ч2 ЗЖ	ЗЖ 4 аптада тапсыру
5	Тұтас орталар механикасының элементтері. Идеал және тұтқыр сұйық. Бернулли теңдеуі. Ламинарлы және турбулентті ағыс. Стокс формуласы.	Ағынның үздіксіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Гармониялық тербелістер. Өшетін тербелістер. Кума толқындар	№Ч3. Зерт. жұм. Денелердің серпімді және серпімсіз соқтығулары н зерттеу.	[1],бөлім 6 [2]бөлім1 тарау1.6	№Ч3 ЗЖ	СӨЖ-1 5 аптада тапсыру
6	Механикалық тербелістер мен толқындар. Гармониялық тербелістер. Өшетін тербелістер. Еріксіз тербелістер. Толқындық процестер.	Айналмалы қозғалыс динамикасына, тұтас орталар механикасына, гармониялық тербелістерге және сақталу заңдарына №2 БЖ.	№Ч3. Зерт. жұм. тапсыру	[1]бөлім 18 [2]бөлім 4 тарау 4.1	СӨЖ-3 БЖ -2 Бесептен аз емес	№Ч3 ЗЖ 6 аптада тапсыру
7	Идеал газдың молекула-кинетикалық теориясы. МКТ негізгі теңдеуі. Идеал газдың күй теңдеуі. Изопроцестер.	МКТ-ң негізгі теңдеуі. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуі. Изопроцестер. Идеал газ үшін термодинамиканың бірінші бастамасын изопроцестерге қолдану	№Ч4. Зерт. жұм. Обербек маятнінің көмегімен айналмалы қозғалыс динамикасы заңдарын зерттеу.	[1]бөлім 8 [2] бөлім 2 , тарау 2.1	№Ч4 ЗЖ	СӨЖ-2 7 аптада тапсыру
8	Термодинамиканың бірінші бастамасы. Жүйенің ішкі энергиясы. Жұмыс және жылу мөлшері. Заттың жылу сыйымдылығы. Идеал газ үшін термодинамиканың бірінші бастамасын изопроцестерге қолдану	АБ 1	№Ч4. Зерт. жұм. тапсыру №Ч6. Зерт. жұм. Математикалық маятник көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау.	[1]бөлім 9 [2] бөлім 2 , тарау 2.2	Midterm 1	№Ч4 ЗЖ 8 аптада тапсыру
8	1-ші аралық аттестация (Midterm)				Мультивариантты тест	
9	Термодинамиканың екінші бастамасы.	Жылу машиналарыны	№Ч6. Зерт. жұм.	[1]бөлім 9	№Ч6 ЗЖ	№Ч6 ЗЖ 9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

	Дөңгелектік процестер. Карно теоремасы. Клаузиус теңсіздігі. Энтропия және оның қасиеттері. Термодинамиканың екінші бастамасы.	ң ПӘК-і. Карно циклі және оның ПӘК-і. Энтропия және оның қасиеттері	тапсыру	Бет.109 [2] бөлім 52, тарау 2.1	СӨЖ-4	аптада тапсыру
10	Нақты газдар. Ван-дер-Ваальс изотермалары және оларды талдау. Заттың сындық (критикалық) күйі. Фазалық ауысулар. Нақты шаздың ішкі энергиясы.	Молекулалық физика және термодинамикаға №3 БЖ. Ван-дер-Ваальс тендеуі.	№48. Зерт. жұм. Клеман-Дезорм әдісі бойынша адиабат көрсеткішін анықтау.	[1]бөлім 10 [2] бөлім 2 , тарау 2.3	№48 ЗЖ №3 БЖ 5 есептен аз емес	
11	Электростатикалық өріс. Кулон заңы. Электростатикалық өріс кернеулігі. Электростатикалық өрісте заряд орын ауыстырғанда істелінетін (атқарылатын) жұмыс. Электростатикалық өріс потенциалы. Электр өрісі векторының циркуляциясы.	Кулон заңы. Электростатикалық өріс кернеулігі мен потенциалы. Электр өрісі векторының циркуляциясы. Гаусс теоремасы. Электрлік ығысу. Электрсійымдылық. Конденсаторлар	№48. Зерт. жұм. тапсыру	[1]бөлім 11 [2]бөлім 3 тарау 3.1	СӨЖ-5	№48 ЗЖ 11 аптада тапсыру
12	Электр өрісіндегі диэлектриктер. Диэлектрик түрлері. Поляризациялық зарядтар. Электрлік ығысу. Гаусс теоремасы. Электрлік диполь.	Электростатикаға №4 БЖ.	№49. Зерт. жұм. Электростатикалық өрісті зерттеу.	[1]бөлім 11 б.163 [2] бөлім 3 , тарау 3.3	№49 ЗЖ №4 БЖ 5есептен аз емес	СӨЖ-3 10 аптада тапсыру
13	Электр өрісіндегі өткізгіштер. Электрсійымдылығы. Конденсаторлар. Зарядталған конденсатордың энергиясы. Өзара әсерлесуші зарядтардың энергиясы. Зарядталған өткізгіштің энергиясы.	Зарядталған конденсатордың энергиясы. Өзара әсерлесуші зарядтардың энергиясы. Зарядталған өткізгіштің энергиясы	№49. Зерт. жұм. тапсыру	[1] бөлім 11 б.167 [2] бөлім 3 , тарау 3.2	СӨЖ-6	№49 ЗЖ 13 аптада тапсыру
14	Тұрақты электр тогы. Тоқ күші мен тығыздығы. Өткізгіш кедергісі және	Тұрақты ток заңдары: біртекті және біртекті емес тізбек бөлігі үшін	№411. Зерт. жұм. Соти көпірі арқылы	[1]бөлім1 1, б.170 [2] бөлім	№411 ЗЖ	СӨЖ-4 14 аптада тапсыру

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

	өткізгіштерді жалғау. Тұрақты ток заңдары.	Ом заңы, толық (немесе тұйық) тізбек үшін Ом заңы, Ом заңының дифференциалдық теңдеуі. Джоуль-Ленц заңы және оның дифференциалдық теңдеуі, Кирхгоф ережелері.	конденсатордың сыйымдылығын анықтау.	3, тарау 3.3		
15	Әртүрлі ортадағы электр тогы. Тармақталған тізбек үшін Кирхгоф ережелері. Ток көзінің ПӘК-і	АБ 2	№Ч11. Зерт. жұм. тапсыру	[1] бөлім 12 [2] бөлім 3, тарау 3.2	Endterm	№Ч11 ЗЖ 15 аптада тапсыру
15	2-ші қорытынды аттестация (Endterm)					
	Қорытынды емтихан					

*Мерекелік күндерге сәйкес календарлы-тематикалық жоспар өзгеруі мүмкін.

БЖ – бақылау жұмысы; ЗЖ – зертханалық жұмыс; СӨЖ – студенттің өздік жұмысы.

Тапсырмалар түрі бойынша білімнің максимал бағасы

Бақылау түрі	Балл	
	I атт	I I атт
Дәрістік сабағына белсенділік	2	2
Бақылау тапсырмаларын орындау (I атт.: БЖ 1, БЖ 2. II атт.: БЖ 3, БЖ 4.)	6	6
Зертханалық жұмыстарды орындау (I атт.: ЗЖ1, ЗЖ2, ЗЖ 3, ЗЖ 4. II атт.: ЗЖ 5, ЗЖ 6, ЗЖ 7, ЗЖ 8)	8	8
1-ші аралық аттестация (Midterm)	8	-
Студенттің өздік жұмыстары (I атт.: СӨЖ 1, СӨЖ 2, СӨЖ 3. II атт.: СӨЖ 4, СӨЖ 5, СӨЖ 6)	6	6
2-ші қорытынды аттестация (Endterm)	-	8
Барлығы	30	30
Қорытынды емтихан	40	
Барлығы	100	

8. Тапсырмалар және оларды орындаудың қысқаша нұсқаулары:

✓ **Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ):**

Студенттің өздік жұмысы (семестрлік тапсырмалар) – семестр бойына пәннің өтілген материалдарын қамтитын 4 тапсырманы орындау болып табылады. Тапсырмалар жазбаша түрде орындалуы және мерзіміне сәйкес тапсырылуы қажет. Сіздің жазбаша түрде орындаған жұмысыңыздың негізінде орташа бағаңыз қорытылып шығады. Тапсырмаларды уақытылы орындау мен тапсыру ескерілетін болады.

✓ **Студенттің оқытушымен бірлікте өздік жұмысы (СОӨЖ):**

Практикалық тапсырмалар (СОӨЖ) дегеніміз студенттің оқытушы жетекшілігіне

сүйене отырып өткен тақырыптарға қатысты тапсырмаларды өздігінен орындау болып табылады. Бұл тапсырмалар тәжірибелік сабақ барысында беріледі. Оларды әрбір студент кезекті өздік жұмысы ретінде орындауы міндетті. Үй тапсырмасын дайындау кезінде Сіздің кітаптар мен сабақтардан алған білімдеріңізді барынша пайдалануларыңыз қажет. Сіздің орындаған жұмыстарыңыздың нәтижесінде орташа бағаңыз қорытылып шығады. Бұл тұста тапсырманы уақытылы орындау мен тапсыру нәтижелері ескеріледі.

✓ **Зертханалық жұмыс:**

Зертханалық тапсырмалар нақты есептерді шешу бағдарламасын құру талдамасы болып табылады. Тапсырмалар порталда сайтта ұсынылады. Тапсырмаларды орындау сәйкес үлгіде көркемделеді және қолданысқа түсуі де мүмкін. Жұмысты уақтылы орындау және тапсыру ескеріледі.

✓ **Аралық бақылау:**

Аралық бақылау Midterm (1-ші аралық аттестаттау) және Endterm (2-ші қорытынды аттестаттау) жазбаша түрде жүргізіледі және өткізілген уақыт аралығында курс материалын жалпылайтын практикалық шешім, күрделілігі әр түрлі деңгейдегі кем дегенде 5 нақты есепті қамтиды.

✓ **Емтихан:**

Қорытқы емтихан курстағы барлық материалдарды қамтып, оларды жалпылайды. Емтихан жазбаша түрде өтеді және әртүрлі қиындық деңгейдегі нақты 7 есепті қамтиды. Емтиханның ұзақтығы 2 толық сағат. Баға төмен болған жағдайда, оны көтеру үшін емтихан сұрағына ешқандай қосымша тапсырма берілмейді. Емтиханды қайта тапсыруға болмайды.

9. Баға қою саясаты:

Тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды бағалау критерилері: тапсырманы толығымен орындау және уақытылы тапсыру.

Курстық жоба жұмысын бағалау критерилері (топтық жоба): жобаны креативті орындау, тапсырманың ерекшелігі, есептің ұқыптылығы, қорғау барысындағы презентабелдік пен коммуникативтілік.

Емтихан бағасын қою критерилері: жауаптың дұрыстығы мен толыққандылығы, мазмұнның ұқыптылығы мен нақтылығы.

Семестр соңында Сізге осы семестр бойы істеген жұмысыңыздың жалпы көрсеткіші болып табылатын жалпы қорытынды баға қойылады. Қорытынды баға Сәтбаев Университеті бекіткен бағалау шкаласына сәйкес қойылады.

Практикалық, бақылау, аралық бақылау, СӨЖ және емтихан жұмыстарын бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Бағалаудың сандық эквиваленті	Критерийлер
А	95 – 100	Келесі пункттер кіретін, есептің толық дұрыс шешімі келтірілген: 1) Таңдалып алынған әдіспен есепті шығарғанда қолданылатын қажетті физикалық заңдарды өрнектейтін формулалар дұрыс жазылған; 2) Суреттер мен графиктер келтірілген (қажетті жағдайда); 3) Дұрыс сандық жауапқа алып келетін қажетті математикалық түрлендірулер мен есептеулер жүргізіліп, есептің жауабы келтірілген (өлшем бірлігімен). Есепті «бөліктеп» шығаруға болады (аралық есептеулер арқылы).
А -	90 – 94	Есептің шешімінде жоғарыда келтірілген 1,2,3 пункттер орындалған, бірақ есептің жауабында өлшем бірлік дұрыс көрсетілмеген немесе өлшем бірлік жартылай көрсетілген немесе мүлдем көрсетілмеген.
В +	85 – 89	Есептің шешімінде жоғарыда келтірілген 1,2 пункттер орындалған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

		Қажетті математикалық түрлендірулер мен есептеулер жүргізілген, бірақ математикалық есептеуде қате жіберілген .
B	80 – 84	Есептің шешімінде жоғарыда келтірілген 1,2 пункттер орындалған. Қажетті математикалық түрлендірулер мен есептеулер жүргізілген, бірақ аяқталмаған .
B -	75 – 79	Есептің шешімінде жоғарыда келтірілген 1,2 пункттер орындалған. Бірақ есептің жауабын алуға қажет математикалық түрлендірулер келтірілмеген, бірақ есептің дұрыс сандық жауабы жазылған немесе жауап жалпы түрде көрсетілген . Немесе есепті шешуге қажетті математикалық түрлендірулерде қате жіберілген және есептің сандық жауабы келтірілмеген.
C +	70 – 74	Есепті шығарғанда қолдануға қажетті физикалық заңдарды өрнектейтін формулалар мен кейбір түсініктер ғана келтірілген, бірақ есепті шығару және жауабын табу барысында, оларды қолданып, математикалық түрлендірулер жүргізілмеген .
C	65 – 69	Физикалық құбылыстар мен заңдарға негізделген пайымдаулар келтірілген, бірақ есептің жауабы дұрыс емес немесе толық емес берілген.
C -	60 – 64	Физикалық құбылыстар мен заңдарға негізделген пайымдаулар келтірілген, бірақ есептің жауабы берілмеген .
D +	55 – 59	Кейбір қажетті дұрыс формулалар немесе теориялық тұжырымдар, немесе заңдар келтірілген. Есептің шешімі толық емес .
D	50 – 54	Кейбір қажетті дұрыс формулалар немесе теориялық тұжырымдар, немесе заңдар келтірілген. Бірақ есептің шешімі берілмеген .
FX	35 – 49	Тапсырма орындалмаған немесе орындалуы дұрыс емес.
F	0 – 34	Тапсырма орындалмаған немесе орындалуы дұрыс емес.

*Барлық пункттер **СӨЖ-ді ауызша тапсыруға** қатысты.

**Қосымша тапсырмаларды орындағанда бонустық балдар алуы мүмкін.

Зертханалық жұмыстарды бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Бағалаудың сандық эквиваленті	Критерийлер
A	95 – 100	1) Жұмыс тәжірибені орындау және өлшеу жүргізуге қажетті тізбектілікті сақтай отырып, толық көлемде орындалған; 2) Барлық өлшеулер жоғары дәлдіктегі нәтижелер мен қорытындылар алуды қамтамасыз ететін жағдайлар мен режимдерде жүргізілген; 3) Келтірілген есепте барлық жазбалар, кестелер, суреттер, сызбалар, графиктер, есептеулер тиянақты орындалып, қорытынды жасалған; 4) Қателіктерді есептеу және талдау орындалған. 5) Жұмыс ауызша қорғалған. Қорғау барысында: а) берілген жұмысқа қажетті заңдар мен формулаларды білу; б) есептеу формуласын қорыту; в) жұмыстың орындалу барысын және әдістемесін білу; г) жұмыстың толық математикалық есептелуі қажет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

A -	91 – 94	1,2,3,4,5 пункттер орындалған. Бірақ нәтижелерді есептеу барысында шамалы қателіктер жіберілген немесе жұмысты рәсімдеу барысында тиянақсыздық жіберілген.
B +	86 – 89	1,2,3,4,5 пункттер орындалған. Бірақ есептеу формуласын қорыту барысында қателіктер немесе теориялық бөлімді қорғау барысында шамалы қателіктер жіберілген.
B	81 – 84	1,2,3,4,5 пункттер орындалған. Бірақ есептеу формуласын қорыту барысында қателіктер, теориялық бөлімді қорғау барысында шамалы қателіктер, жұмысты рәсімдеу барысында тиянақсыздықтар жіберілген.
B -	96 – 79	1,2,3,4 пункттер орындалған. Теориялық бөлімді қорғау барысында және есептеу кезінде қателіктер жіберілген.
C +	70 – 74	1,2,3,4 пункттер орындалған. Жұмыс толық қорғалмаған, теориялық материалды толық меңгермеген.
C	65 – 69	1,2,3 пункттер орындалған. Жұмыстың есептелуінде қателіктер бар, теориялық дайындығы жеткіліксіз, қателіктерді талдау және қорытынды жасалмаған.
C -	60 – 64	1,2,3 пункттер орындалған. Жұмыстың есептелуінде қателіктер бар, теориялық дайындығы жеткіліксіз, қателіктерді талдау және қорытынды жасалмаған, жұмыстың орындалу әдістемесін білмеуі.
D +	55 – 59	1,2 пункттер орындалған. Жұмыстың есептелуінде қателіктер бар, теориялық дайындығы жеткіліксіз, қателіктерді талдау және қорытынды жасалмаған, жұмыстың орындалу әдістемесін білмеуі, жазбаның тиянақты болмауы, суреттер мен графиктер дұрыс келтірілмеген.
D	50 – 54	1,2 пункттер орындалған жұмыстың есептелуі ғана бар.
FX	35 – 49	Тапсырма орындалмаған немесе орындалуы дұрыс емес.
F	0 – 34	Тапсырма орындалмаған немесе орындалуы дұрыс емес.

*** Қосымша тапсырмаларды орындағанда бонустық балдар алуы мүмкін.*

10. Жұмыстарды кешіктіріп тапсыру саясаты:

Студент дәрістік, тәжірибелік және зертханалық жұмыстарға дайындалып келуі керек. Студент зертханалық жұмысты уақытылы қорғауы, барлық жұмыс түрлерін (тәжірибелік, зертханалық және лекциялық) орындауы қажет. Студент сабақтан қалмауы және кешікпеуі керек, жауапты және пунктуалды болуы қажет. Уақытылы тапсырылмаған жұмыс үшін максимал баллдан 10% алып тастау қарастырылады. Егер сіз белгілі бір себептермен аралық емтиханға келе алмайтын болсаңыз, Сіз оқытушыны емтиханға дейін ескертуіңіз қажет. Барлық студенттер емтиханды тапсырып болғаннан кейін және оны сабақта талдағаннан кейін, емтихан тапсыруға рұқсат жоқ. Ешбір себепсіз емтиханға қатыспау Сізді емтиханды тапсыру құқынан айырады.

11. Сабақтарға қатысу саясаты:

Студент дәрістік, тәжірибелік және зертханалық сабақтарға үнемі белсенді қатысуы керек. Сабақ жіберу сіздің үлгеріміңіз бен қорытынды бағаңызға әсерін тигізеді. Әрбір үш рет кешігу немесе кез келген себеп бойынша сабақ аяғын күтпей кетіп қалу бір жіберілген сабақ болып саналады. Курстың міндетті талабы әр сабаққа дайындық болып табылады. Оқулықтың көрсетілген бөлімдерін және қосымша материалдарды тәжірибелік сабаққа дайындалғанда ғана емес, сәйкес дәріс болардың алдында да қарастыру қажет. Мұндай дайындық сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және университет қабырғасында белсенді білім алуыңызға көмегін тигізеді.

12. Академиялық тәртіп пен этика саясаты:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Пән бойынша оқыту шеңберінде, сыбайлас жемқорлық көрінісінің кез-келген түріне жол берілмейді. Осындай әрекеттерді ұйымдастырушы (олардың тапсырмасы бойынша оқытушы, студенттер немесе үшінші тұлға) ҚР заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады.

Толерантты болып, басқаның ойын құрметтеңіз. Қарсылығыңызды дұрыс қалыптастырыңыз. Плагиат және басқа да әділетсіз жұмыс түрлері рұқсат етілмейді. Емтихан барысында көшіру немесе басқаларға көмектесуге, басқа студенттің орнына емтихан тапсыру рұқсат етілмейді. Оқытушыны тәртіп бұзуға итермелеген (еш себепсіз бағаны көтеру және сабаққа қатыспаған н/б-ні алып тастау үшін өтініш жасаған) студентке қорытынды бағасын төмендету қарастырылған. Курстың кез келген ақпаратын бұрмалаған студентке қорытынды «F» бағасы қойылады.

Көмек: Өздік жұмысты орындауға, оларды тапсырып, қорғауға қатысты және өткен материалдар бойынша қосымша ақпарат қажет болған жағдайда және берілген курс бойынша қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайларда оқытушыға келіп оның офистік сағаттары уақытында немесе тәулік бойы электронды құралдар арқылы консультация алуға болады.

Кафедра отырысында қаралды: хаттама № 4, «3» желтоқсан 2019 ж.

Құрастырған: т.ғ.к., лектор

Қалауов Б.П.